

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Қарасай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 21 тамыздағы № 45-6 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 28 тамызда № 5223 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 24-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 06.09.2022 № 24-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 509-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай ауданында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихатының " Экономика, бюджет, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік пен әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Көшкімбаев*